ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылы 20 ақпан № 5501-25-00-2/154 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья А.Т. Ищанов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
ТАНСУЛУ Тұяқбаева Таңшолпан Есенгелдіқызы жеке кәсіпкері

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:

1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>СИПАТТАМАЛЫҚ БӨЛІМ:</u>

2024 жылғы 9 желтоқсанда тараптар №276 мемлекеттік сатып алу шартына қол қойды. Шарт бойынша жауапкер ұзындығы кемінде 140 см болатын ағаш швабраларды 10 дана көлемінде жеткізуге міндеттенді. Шарттың жалпы сомасы 22 220 теңге, орындау мерзімі – 16 күнтізбелік күн.

Шарт 2024 жылғы 31 желтоқсанда бұзылды.

Шарт талаптарын тиісінше орындамағандықтан, талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және 133 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды сұрады.

2025 жылғы 20 ақпанда Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының қысқаша шешімімен талап толық қанағаттандырылды.

2025 жылғы 1 сәуірдегі сот ұйғарымымен жауапкердің шешімді жою туралы өтініші қанағаттандырусыз қалдырылды.

<u>МОТИВАЦИЯЛЫҚ БӨЛІМ:</u>

1-талап бойынша:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272, 273-баптарына сәйкес, міндеттеме тиісті түрде орындалуы тиіс. Міндеттемені біржақты тәртіппен өзгертуге немесе орындаудан бас тартуға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабына сәйкес, шарт талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жеткізуші жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілуі мүмкін.

Шарттың 1.1 тармағында жеткізуші тауарды шарт талаптарына сәйкес жеткізуге міндеттелетіні көрсетілген.

Ал 4.2-тармағында жеткізілетін тауар техникалық ерекшелікке сәйкес келуі тиіс деп белгіленген.

Іс материалдарына сәйкес, тауар техникалық ерекшелікке сай болмағандықтан қабылданбаған, алмастыру жүргізілмеген.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу шарттарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жеткізушілерді жосықсыз деп тану үшін олардың кінәсі мен тапсырыс берушіге келтірілген теріс салдарлар ескерілуі тиіс.

Жауапкер тазалау жұмыстарына қажетті тауарды жеткізбегендіктен, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану қажет.

2-талап бойынша:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) – міндеттеме орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда борышкер төлеуге міндетті ақша сомасы.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес, жеткізу мерзімін кешіктірген жағдайда жеткізушіден жалпы шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбы алынады. Жалпы тұрақсыздық айыбы шарт сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

2024 жылғы 26-31 желтоқсан аралығында тұрақсыздық айыбы 133 теңгені құрады:

22 220 теңге × 0,1% × 6 күн = 133 теңге.

Сондай-ақ, жауапкерден мемлекеттік кіріс ретінде 1 966 теңге мемлекеттік баж өндіріп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

ҚР АПК-нің 109, 267-2 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 01.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.05.2025, судья Ищанов А. Т., 21.05.2025

мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ТАНСУЛУ Тұяқбаева Таңшолпан Есенгелдіқызы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

ТАНСУЛУ Тұяқбаева Таңшолпан Есенгелдіқызы кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылсын.

Жеке кәсіпкер ТАНСУЛУ Тұяқбаева Таңшолпан Есенгелдіқызы Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны пайдасына 133 (жуз отыз уш) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын сондай-ақ 4 (төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж төлеу шығыстарын өндіріп алу.

ТАНСУЛУ Тұяқбаева Таңшолпан Есенгелдіқызы жеке кәсіпкері мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Т. Ищанов**

Көшірме дұрыс:
Судья **А.Т. Ищанов**

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 01.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.05.2025, судья Ищанов А. Т., 21.05.2025